



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«23» 01 2023 жылғы №8
Астана қаласы

**«Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық
конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) 2023 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес және педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, озық инновациялық педагогикалық тәжірибені таратуға ықпал ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсы мектепке дейінгі, бастауыш, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының педагогтері арасында 2023 жылғы 6 ақпан мен 2023 жылғы 6 наурыз аралығында өткізілсін.

2. Қоса берілген:

1) «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) ережесі 1-қосымшаға сәйкес;

2) Конкурстың Сараптамалық кеңес құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.

С. Дауешова